

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 75 қаулы. Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 наурызда № 3-6-117 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 2 қыркүйектегі № 170 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің  
2.09.2013 № 170 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесе отырып, Қарғалы ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Селолық округ әкімдері көрсетілген орындарды қалқандармен және стендтермен **жаратандырсын.**

3. Аудан әкімдігінің «Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы» 2010 жылғы 4 қазандағы № 330 (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-6-106 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 14 қазанда № 59-60 (4563-4564) аудандық «Қарғалы» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы **С. Аманжоловқа жүктелсін.**

5. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Сағиев*

*Жобаны енгізуші:*

*Аудан әкімі аппаратының басшысы*

*С.Аманжолов*

Аудан

әкімдігінің

2011

жылғы

01

наурыздағы

№

75

қаулысына

ҚОСЫМША

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

Орналастыру орындары	А т а у ы : стенд, қалқан	Саны
<b>Степной селолық округі:</b> Первомай ауылы: кітапхананың бойында Степной ауылы: «Степной» ЖШС, МТШ Қайрақты ауылы: «Қайрақты» ЖШС, МТШ Мамыт ауылы: орталық көше бойындағы 23 үйдің жанында	Стенд Стенд Стенд Стенд	1 1 1 1
<b>Ащылысай селолық округі:</b> Ащылысай ауылы: клуб ғимараты Преображенев ауылы: «Наталия» дүкені Ақкөл ауылы: «Боздақ» ЖШС кеңсесі Бозтөбе ауылы: «Көктас» АҚ кеңсесі «Василек» дүкені	Стенд Стенд Стенд Стенд	1 1 1 1
<b>Велиховка селолық округі:</b> Велиховка ауылы: «Велиховка» ЖШС кеңсесі Ақжайық ауылы: «Ақжайық» ЖШС кеңсесі-	Стенд Стенд	1 1
<b>Желтау селолық округі:</b> Петропавл ауылы: «Табиғат+» ЖШС кеңсесі бойында Ш.Қалдаяқов ауылы: «Пацаев» ЖШС кеңсесінің бойында	Стенд Стенд	1 1
<b>Әлімбет селолық округі:</b> Әлімбет ауылы: Әлімбет орта мектебі-бала бақшасы Шандыаша ауылы: ауылға кіргендегі орталық көшеде орналасады Қызылсай ауылы: ФАП	Стенд	1
<b>Кемпірсай селолық округі:</b> Жосалы ауылы: орта мектеп-бала бақшасы Кемпірсай ауылы: мектеп Қарабұтақ ауылы: мектеп	Стенд Стенд	1 1
<b>Қос Естек ауылдық округі:</b> Сарыбұлақ ауылы: «Семенцул» дүкені Қос Естек ауылы: «Рустам» дүкені «Дастархан» дүкені	Стенд Стенд Стенд	1 1 1
<b>Бадамша селолық округі:</b> Бадамша ауылы: «Радуга» дүкені	Стенд	1